ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 11 шілде №7119-25-00-2/6875 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судья Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу электрондық тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Ай-Батбаспахана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Ай-Батбаспахана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы арызы - қанағаттандырылсын.

«Ай-Батбаспахана» ЖШС-ті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Ай-Батбаспахана» ЖШС - нен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж мөлшерінде өндірілсін.

«Ай-Батбаспахана» ЖШС - нен "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы"

Документ подписан: Нұрғалиева Ж. Д., 11.07.2025
Дата вступления в законную силу: 18.08.2025, судья Нұрғалиева Ж. Д., 18.08.2025
7119-25-3-1/6696

шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына тұрақсыздық айыбын 164 200 (жүз алпыс төрт мың екі жүз) теңге, және мемлекеттік баж 4 926 (төрт мың тоғыз жүз жиырма алты) теңге мөлшерінде өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

АПК-нің 147, 403, 404-баптары негізінде шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы тараптар апелляциялық шағымды, наразылықты келтіруге құқылы.

Судья Ж. Нұрғалиева

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 11.07.2025

Дата вступления в законную силу: 18.08.2025, судья Нургалиева Ж. Д., 18.08.2025

7119-25-3-1/6696